..РЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

..І ТУЫ

..ИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
..АВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

..сентябрь Жексенбі || Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын

# Ертең облыстық XI партия конференциясы ашылады

*Конференция делегаттарына большевиктік жалынды сәлем!*

..I

..рды орындай
..ece, қаладағы
..оңсерві комби-
..нім фабрикасы
..етропавл темір
..оне жүк тү-
.. орындағанмен
..іп ойдағыдай

..уашылық жү-
.. елеулі кемші
..уа районың
..р және ком-
..масыз етілуіне
..ндар, әсіресе,
.. Соколов, ау-
.. жыйнау мен
.. жұмыстарын
..е, кейбір ау-
..нында астық-
.. жол берілуде.
..л. шаруашы-
..ні мәлім. Ал,
..а бірсыпыра
..ынға ұшыра-
..не, Булаев,
..ының басшы-
..іктерінен бы-
..ды деуге бол
..рда мал азы-
..мауcымға әзір

## СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА

### Туысқан партиямызға алғыс айтамыз

ЖАҒҚАМЫС (Ақтөбе облысы). (ҚазТАГ). ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларының жобасын талқылай келіп, Байғақан ауданындағы Калинин атындағы колхоздың шопаны Социалистік Еңбек Ері Әбіш Шонтин колхозшылардың жыйналысында былай деді:

—Партия мен ұлы Сталин совет халқына жаңа табыстарға жетудің жолын көрсетуде. Бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі съезд директиваларының жобасында колхоздарда қой санын 75—80 процент көбейту белгіленген. Біздер, колхоз қой өсірушілері бұл міндетті ойдағыдай орындаймыз деп уәде береміз.

Доңызтау жайылымында Жамбыл атындағы колхоздың малшыларына аға шопан Социалистік Еңбек Ері Қарымсақ Байғазаров сөз сөйледі. Ол мал өсірушілердің ой-пікірлерін білдіріп былай деді:

—Коммунист партиясы біздің Доңызтауды өзгертуімізге, оның құнарлы жерін колхоз құрылысына пайдалануымызға көмектесіп келеді. Бізге мемлекет зор көмек көрсетуде. Шұбарқұдық машина-мелиорация станциясы біз үшін Шаған өзеніне плотина салып берді. Бұл плотина быйыл ері..



Алматыдағы Абай атындағы Мемлекеттік педагогикалық және оқытушылар институтының студенттері жаңа оқу жылында жаңадан салынған үйде оқыйтын болды.

СУРЕТТЕ: жаңа оқу үйі жанындағы студенттердің бір тобы.

Суретті түсірген П. Гужев.

### Ақтөбе кеншілерінің табысы

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). «Актюбинскуголь» тресінің кеншілері шахтер Күнін көмір өндірудің тоғыз айлық жоспарын мерзімінен бұрын орындаумен қарсы алуда. Кен жұмыстарына әзірлік жөніндегі тапсырма асыра орындалды. Циклдік графикті меңгерудің, қыйын жұмыстарды механикаландырудың арқасында трест шахталарында еңбек өнімділігі қазір жоспардағыдан 9 процент артты. Көмір өндірудің өзіндік бағасын арзандату есебінен 800 мың сомнан аса қаржы үнемделді.

Жарыста Бершүгір шахта басқармасының коллективі озып келеді. Ол октябрь айының есебіне көмір шығаруда. Бершүгір шахталарының барлық сменалары мен бригадалары, барлық кеншілері жоспарлы тапсырманы асыра орындайды. Кен мастерлері Әбдіғали Ниетбаевтың, Қапы Боранқұловтың, Шұңшыбай Көбеновтың және Тоғайбай Бисенқұловтың сменалары күн сайын жоспардан тыс ондаған тонна көмір шығарады.

Ақтөбе шахта басқармасының кеншілері совет шахтерлерінің дәстүрлі мейрамын көмір өндіру және кен әзірліктері жұмыстары бойынша 9 айдың жоспарын мерзімінен бұрын орындаумен қарсы алуда.

Москваның И. В. Сталин атындағы ав..

## Халықтық демократия елдерінде

### Болгар еңбекшілерінің тұрмыс жағдайының жақсаруы

СОФИЯ, 4 сентябрь. (СОТА). Болгар еңбекшілерінің тұрмыс жағдайы үздіксіз жақсаруда.

1952 жылы мемлекеттік бюджет бойынша әлеуметтік-мәдени қажетке бөлінген қаржы былтырғы жылғымен салыстырғанда 676 миллион лев артық болды. Халық үкметі быйыл денсаулық сақтауға және еңбекшілерді әлеуметтік қамсыздандыруға соғысқа дейінгі жұмсалғаннан ондаған есе артық—1.608 миллион лев жұмсайды.

1951 жылы Болгарияда тегін медициналық көмек көрсету заңы енгізілді, түрлі дәрілер бағасы едәуір арзандатылды. Тек осының өзінен ғана болгар еңбекшілері жыл сайын екіжарым миллиард лев үнемдейді.

Елде тұрғын үйлер құрылысы кең көлемде жүргізілуде. Софияда, Димитровградта, Пловдивте, Димитровода, Габровода, тағы басқа өнеркәсіп орталықтарында жаңа тұрғын үйлер кварталдары салынуда. Былтыр қалалық халықтық Советтердің өздері ғана 150 мың шаршыметрден астам тұрғын үйді пайдалануға берді.

Болгар еңбекшілерінің тұрмыс жағдайын онан сайын жақсарту ісіне партия..

Облысымыздың көптеген колхоздары мен совхоздары быйыл бітік егін өсіріп, мол өнім жыйнауда. Облыс совхоздары, сондай -ақ алдыңғы қатарлы колхоздарымыз Отан алдындағы бірінші парыз—мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Бірсыпыра шаруашылықтар қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің жоспарын, мал азығының берік қорын жасау жөніндегі міндеттемелерін ойдағыдай орындауда.

Сол [illegible]якты, шаруашылықтың басқа салалары —транспорт, байланыс, финанс, қала шаруашылығын өркендету, мектептерде оқу- тәрбие, денсаулық сақтау жұмыстарын жақсарту жөнінде күрделі шаралар жүзеге асырылды.

Дегенмен, қол жеткен табыстарымызға масаттанып, жұмыста орын алып отырған елеулі кемшіліктерді бүркемелеуге болмайды. Өйткені, өнеркәсіп пен транспортта болсын, ауыл шаруашылығында болсын, басқа да жұмыс участоктерінде қол жеткен табыстарымыз бізді әлі де болса қанағаттандырмайды. Облыс өнеркәсіп орындарының көпшілігі осы жылдың өткен 7 жылы тыянақты ұйымдастырылмады. Сонымен бірге, лекциялық насихаттың әлі де болса өрісі тар болып келеді.

Еңбекшілер арасында саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарын кеңінен ұйымдастырып, оларды коммунистік рухта тәрбиелеу —партия ұйымдарының басты міндеттерінің бірі. Бірақ, жасыратыны жоқ, бірсыпыра партия ұйымдарында үгіт -бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстары бетімен жіберілген. Басшы партия, совет қызметкерлерінің бірқатары, әсресе, Мамлют, Соколов, Булаев аудандарында, еңбекшілер алдында саяси баяндамалар оқу ісінен қол үзіп жүр.

Конференция делегаттары сын мен өзара сынды өрістете отырып, облыс партия ұйымдарының басшылық стиліндегі кемшіліктер мен қателіктерді батыл сынайтынына, сөйтіп, партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмыстарды онан әрі жақсарту, шаруашылыққа партия басшылығын жақсарту жөнінде бағалы ұсыныстар жасайтынына сенім зор.

Облыстық XI партия конференциясының делегаттарына большевиктік сәлем!

## И. В. Сталиннің Монгол Халық Республикасының премьер-министрі Ю. Цеденбалды қабылдауы

5 сентябрьде ССРО Министрлер Советінің Председателі И. В. Сталин Монгол Халық Республикасының премьер-министрі Ю. Цеденбалды қабылдады.

Қабылдауда Монгол Халық Республикасы Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары Ж. Самбу және Монгол Халық Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Пол номочиелі Елшісі Н. Идамжаб болды.

Сол сыяқты, қабылдауға ССРО Сыртқы Істер Министрі А. Я. Вышинский қатысты.

## Ұлы құрылыстарға арналған машиналар

ХАРЬКОВ, 4 сентябрь. (СОТА). Электр үйлері және электр монтаж бұйымдары заводында Куйбышев —Москва жоғары вольтті электр линиясы құрылысшыларының заказы бойынша жасалған көшелі жаңа бұрғылау машинасын сынау аяқталды. Машина жоғары вольтті электр линиясы бағаналарын орнататын шұқырлар қазуға арналған. Оның бұрғылау механизмі қуатты «С—80» тракторының үстіне орнатылған.

Кәсіпорны, сонымен бірге, автоматты бетон орналастыратын машина шығаруды меңгерді. Быйыл «Куйбышевгидростройға» осындай 22 машина жөнелтілді.

жібек құрттары бар. Колхоздың мәдениеті өсіп, электр қуатымен қамтамасыз етілген. Колхозшылардың 700 үйіне электр жарығы орнатылған.

новшылар мектептері бар. Бұл мектептерде 200-ге жуық жұмысшы жаңа мамандықтар алуда, өздерінің мамандықтарын арттыруда.

Кейбір участоктерде [illegible]
ьерге дейін жүзім а[illegible]

Жүзімшілік —Зай[illegible]
рындағы өндірістің [illegible]

# Қоғамдық малға жылы қора әзірлейік

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде күрделі табысқа жетудің шешуші шарттарының бірі —малды жылы, жарық және кең қоралармен жеткілікті қамтамасыз ету. Малдың қыстан күйлі және шығынсыз шығарылуы жемшөп қорымен бірге, жайлы қоралардың жеткілікті болуына байланысты екені тәжрибеде айқын көрініп жүр.

Алдыңғы қатарлы колхоздардың мал өсірушілері малды жылма- жыл жарық, жылы, қораларда бағып, малды қысқа әрі күйлі, әрі шығынсыз өсіріп келеді. Мұндай шаруашылықтардың қатарына Полудень ауданындағы Тельман атындағы, Фурманов атындағы «Прогресс», Приешім ауданындағы Калинин атындағы, Киров атындағы және Конюхов ауданындағы «Колос» колхоздарын қосуға болады. Бұларда қоғамдық мал жылма- жыл жайлы қораларда күтіліп келеді. Сондықтан да олар мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыруда айтарлықтай табыстарға жетуде.

Облысымыздың мұндай озат шаруашылықтары быйыл да малға жылы, жарық қораларды мол әзірлеп жатыр. Бұл жөнінде Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхоздың мал өсірушілері бірқатар жұмыстар істеді. Мұнда ірі қара мал тұратын екі үлгілі қора салынып болуға жуық. Сол сыяқты, қазіргі уақытта жүзге жуық бұзау сыятын, 150 қой сыятын үлгілі қоралар салынып жатыр. Колхозшылар бұл қораларды таяу күндердің ішінде толық аяқтағалы отыр. Мал қораларын салуға негізінен жергілікті материалдар пайдаланылуда. Салынып жатқан қоралардың барлығы дерлік малды ұдайы жақсы күтімде ұстауға бейімделген. Ол қоралар, әсресе, мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға өте-мөте қолайлы. Бұл қораларға орналасқан малға шөпті, суды және басқа да азықтарды механикалық жолмен әкеліп беруге болады.

Аталған колхозда бұрынғы мал қораларын жөндеу жұмыстары да барлық жағынан үлгілі жүргізілуде. Мұнда кәзірдің өзінде 8-ге жуық мал қоралары жөнделіп болды. Мал қораларын жөндеп, қысқа әзірлеу жуыр арада негізінен аяқталғалы отыр. Колхозда мал қораларын салу және бұрынғы қораларды жөндеу жұмыстарының мұншалықты тыңғылықты жүргізілуінің басты себебі —колхозда тұрақты құрылыс бригадасы бар. Бригада мүшелері мал қораларын салу және жөндеуді ерте қолға алды және оны тоқтаусыз жүргізді.

Мал қораларын салу, жөндеу жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп келе жатқан колхоздардың бірі —Преснов ауданындағы «Жизнь» колхозы (председателі Придорожный жолдас). Мұнда да 1000 қой сыятын, 50 жылқы сыятын және 500-ге жуық құс тұратын үлгілі қоралар салынып жатыр. Бұл жұмыстар кәзір негізінен аяқталып қалды. Мұнымен бірге, мал қораларын жөндеу бұл колхозда да бітуге жуық. Осы аудандағы Маленков атындағы колхозда да қоғамдық малға жайлы қоралар әзірленіп жатыр.

Алайда, облыстың көптеген колхозларында мал қораларын салу және бұрынғы қораларды жөндеудің барысы өте-мөте баяу болып отыр. Мұның басты себебі

сол —колхоз басшы[illegible]
дейін құрылыс жұм[illegible]
басшылық жасап кел[illegible]
нан көптеген колхоз[illegible]
лыс бригадалары жо[illegible]
дардың басшылары [illegible]
рын таратып жіберге[illegible]
мал қораларын салу, [illegible]
екінші кезектегі м[illegible]
Олар бұл жұмыстард[illegible]
астық дайындауды [illegible]
қолға аламыз деп, іс[illegible]
келеді.

Көптеген колхоздар[illegible]
тарының осындай то[illegible]
нан облыс бойынша [illegible]
және ескі қораларды [illegible]
мүлдем канағаттанғыс[illegible]
августқа дейін барлы[illegible]
ларының 61 процент[illegible]
және жөнделе бастады[illegible]
малға ғана орын әзі[illegible]
ліп болған қора саны[illegible]
сөз.

Мал қораларын сал[illegible]
ресе, Булаев ауданын[illegible]
өте- мөте нашар. Мұ[illegible]
мал қораларының 28 [illegible]
салына бастады. Осы [illegible]
данда бірде- бір мал қ[illegible]
кен жоқ. Осы сыякты[illegible]
жөндеу де мейлінше [illegible]
Быйыл мал азығыны[illegible]
байланысты бұл ау[illegible]
малдардың бірсыпыра[illegible]
нында қыстатуға тиіс[illegible]
не колхоз басшылары[illegible]
әзірлеуді әлі қолға да[illegible]

Мал қораларын әзір[illegible]
хов және басқа да бі[illegible]
нашар ұйымдастырыл[illegible]
Преснов ауданындағы [illegible]
ғы, Мамлют ауданында[illegible]
дағы және Петропавл [illegible]

# ...ИЯ ТҰРМЫСЫ

## ...съезінің материалдарын талқылауда

*...идзе атындағы Станок жасау заводының ...ция ұйымының жыйналысында*

☆

...есін кеңінен
...зінің қорытын-

...спар жөніндегі
... бүтіндей қуат-
... XIX съезі құр-
...дент орындауға.
...аншандық әдіс-
...т токарь өзір-
...аламын.
...эзінің сөйлеген
...ивалар жобасы-
...ің партиямыз
...тың өскелең ма-
...алаптарын ба-
...ан артық ма-
... көрсетеді. Мұ-
...ң тілегі туралы
...ы. бұл социа-
...ң заңы болып
...ының жобасын
... жолдас бірне-
...ада көрсетілген
...орындарын ұл-
...ең алдымен, ас-
...көбейту есебінен
...генде барлық
... системасының
... 75 процентін-
...қажет.
...ында жұмыс-
...ң санын көбей-
...және қамтамасыз
...бінен емес, жұ-
...тегорияларының
...і екенін атап

...ы туралы мәсе-
...і бөлу жұмысы-
...ау орнатылуын

тәжрибе алып, тыянақты маман болуы үшін техникалық және инженерлік жұмыстардың түрлі кезеңдерінде істеп шынығуға тиісті.

Тәжрибеге қарағанда, дейді Герман жолдас, ғылми-зерттеу жұмысы мен ғылми кадрлар даярлауды институттар мен жоғары оқу орындарында ғана емес, ірі-ірі кәсіпорындарда да ұйымдастыруға уақыт жеткендігі байқалып отыр. Мысалы, біздің завод бірқатар қосымша ғылми-зерттеу жұмыстарын ойдағыдай орындаған болар еді.

* * *

«Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951 —1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларының» жобасын талқылау аяқталғаннан кейін, жыйналыс бірауыздан қаулы алды. Қаулыда XIX съезд директиваларының жобасында халық шаруашылығын оның сайын мықтап өсіру, еліміздің еңбекшілерінің материалдық жағдайы мен мәдени дәрежесін арттыру көзделгендігі қанағаттанғандықпен атап көрсетілген.

Жыйналыс ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі партияның XIX съезі директиваларының жобасын бірауыздан мақұлдап, заводтың партия бюросына және цехтағы партия ұйымдарының секретарьларына жұмысшылар мен қызметшілердің арасында оны түсіндіру жұмысын жүргізуді, заводтың жұмысшылары мен қызметшілері арасында партияның XIX съезі құрметіне жаңа өндірістік табыстарға жету үшін социалистік жарысты кең ұйымдастыруды тапсырды.

Сонымен бірге, жыйналыс партия бю-

емес, екі жылда бір рет өткізуді ұсынады.

Жоспарлау бөлімінің бастығы **П. Реус** жолдас сөз сөйлеп, партия Уставының жобасы жөнінде екі пікір айтты. Ол Уставтың 11 параграфы бойынша— бастауыш ұйымда аудандық партия комитетіне сайланған, бірақ, бастауыш ұйымның есебінде тұратын және сонда жұмыс істейтін коммунистер туралы мәселені шешу правосын беруді ұсынады, өйткені мұндай коммунистерді аудандық комитетке қарағанда. бастауыш ұйым жақсы біледі дейді ол. Орталық Комитет пен облыстық комитеттің бастауыш ұйымның есебінде тұратын, бірақ онда үнемі практикалық жұмыс жүргізе бермейтін мүшелері туралы ғана бастауыш ұйым партиядан шығару мәселесін шеше алмайды.

Партияның өзгертілген Уставының жобасын талқылауға өзара сын мен төменнен сынауды барынша өрістету, партиялық тәртіпті нығайту, коммунистердің қырағылығын арттыру талабы ерекше атап көрсетілді. Сөйлеген сөздерде партия ұйымының жұмысындағы кемшіліктер айтылды, партия қарарларын орындауға селқос қарайтын, партия жыйналыстарына келмейтін, партия жарналарын уақытылы төлемейтін, саяси оқуға мән бермей қарайтын партия мүшелері сыналды.

Цех мастері **П. Фукин** жолдас өзінің сөйлеген сөзін кандидаттар арасындағы жұмысқа арнады. Партия мүшелігіне кандидаттар туралы 18 параграфта тұжырымдалған ереже, деді ол, өте уақытылы көрсетілген, Мұндай тұжырым партия ұйымының кандидаттарды тәрбиелеу үшін жауапкершілігін арттырады. Біздің ұйымда төрт жылдан бері кандидат болып жүрген жолдастар бар. Олардың мүшелікке қабылдау туралы өздерінің арыз беруін партия ұйымы неге күтеді? Кандидаттар партия ұйымының назарында неге болып

# ҮЛКЕН СОВЕТ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫНЫҢ ОНЫНШЫ ТОМЫ

### (ЕКІНШІ БАСЫЛУЫ)

Үлкен Совет Энциклопедиясының оныншы томы (екінші басылуы) баспадан шығып, жазылушыларға таратыла бастады. Бұл томда «газель» дегенмен басталып, «германий» дегенмен бітетін сөздер бар.

Осы томның бірсыпыра көлемді мақалалары біздің Отанымыздың тарихы мен революциялық қозғалыстың тарихына арналған. «Гангут шайқасы» деген мақалада 1714 жылғы Гангут (ханко) түбегінің тұсында болған теңіздегі соғыс туралы айтылады. Бұл соғыс орыстың жас флотының сол кездегі ең күшті Швеция флотын жеңген алғашқы ірі жеңісі болды.

«Советтік гвардия» деген мақала Совет Армиясында тұңғыш гвардиялық құрамалар ССРО Қарулы Күштерінің Жоғарғы бас қолбасшысы И. В. Сталиннің бұйрығы бойынша 1941 жылғы 18 сентябрьде құрылғандығын еске салады. Ұлы Отан соғысында өте зор роль атқарған советтік гвардияның бастамашысы— 1905 жылғы жауынгерлік дружиналардың үлгісі бойынша Ұлы Октябрь социалистік революциясын әзірлеу кезінде жарыққа шыққан қызыл гвардия болды. Қызыл гвардия совет мемлекетінің қарулы күштерін ұйымдастырудың тұңғыш формасы болды.

«Совет Одағының Генералиссимусы» деген мақалада бұл жоғарғы әскери атақты ССРО Жоғарғы Советі Президиумы соғыс кезінде мемлекеттің барлық қарулы күштеріне басшылық жасау ісінде көрсеткен Отан алдындағы ерекше үздік еңбегі үшін жеке адамға береді, делінген 1945 жылғы 27 июньде Совет Одағының Генералиссимусы деген атақ Иосиф Виссарионович Сталинге берілді. Үкметтің бұл қарары өзінің кемеңгер басшылығымен советтік елімізге төнген қатерді жойып, оны апаттан аман алып қалған, сөйтіп совет халқын Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталуына жеткізген сүйік...

тұңғыш рет М. В Ломоносовтың дәлелдеп бергені айтылған. Орыстың ұлы ғалымы сол кездің өзінде вертолеттің тұңғыш ұшқыш моделін жасаған дүние жүзінде гелікоптерді Совет Одағынан бұрын жасаған ел жоқ. Дүние жүзіндегі тұңғыш және сенімді ұшқан 1-ЭА вертолетін 1930 жылы профессор Н. Е. Жуковский атындағы Орталық аэрогидродинамикалық институттың бір топ қызметкерлері жасаған.

Үлкен Совет Энциклопедиясының оныншы томында «география», «геодезия», «геология», «геофизика», «геохимия» және сондай ғылымдарға арналған мақалалар едәуір орын алған; адамзаттың тарихында зор із қалдырған ғылымның көрнекті қайраткерлері туралы толық мәліметтер келтірілген. Ірі мақалаларда жаратылысты дәл танудың негіздерін қалаушылардың бірі — Италияның ұлы физигі, механигі, астрономы Галилео Галилей туралы, электр жайындағы ғылымның негіздерін қалаушылардың бірі—итальян физиологі Луиджи Гальвани туралы, астрономия мен геодезияға іргелі үлес қосқан аса көрнекті неміс математигі К. Ф. Гаусс туралы, аса көрнекті француз химиктері мен физиктерінің бірі Ж. Л. Гей-Люссак туралы, немістің жаратылыс сынаушысы Эрнст Геккель туралы, ағылшынның жаратылыс сынаушысы Ч. Дарвиннің жақын серігі және оның ілімін насихаттаушы — Т. Г. Гекстли туралы, XVIII ғасырдағы революцияшыл француз буржуазиясы идеологтерінің бірі — аса көрнекті француз философы — материалист К. А. Гельвеций туралы, немістің көрнекті жаратылыс сынаушыларының бірі, физика, математика, физиология және психология саласында жұмыс істеген Герман Гельмгольц туралы, микробиологияның негізін қалаушылардың бірі, орыстың аса көрнекті ғалымы Н. Ф. Гамалея туралы айтылған.

наларды автоматтандыруға, олардың жалпы салмағын азайтуға, олардың жүрісін жақсартуды қамтамасыз етуге, өнімділігін арттыруға, пайдалану сапасын жақсартуға, автоматтық станок жасауды және коммунизм құрылыстарына арналған құрылыс машиналарын (адымдағыш экскаваторларды, жер снарядтарын, скреперлерді т. т.) жасауды дамытуға мүмкіндік береді.

Заводтың бас технологі **С. Смуров** жолдас бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларда ұсталық жұмыстарда электрмен қыздыру әдісінің, флюс арқылы автоматтық жолмен электрмен пісіру әдісінің енгізілуіне, сол сияқты автоматтық линиялардың кең қолданылуына, металл өңдеудің жаңа әдістерін іздеуге және аспап-сайман өнеркәсібінің онан сайын өркендетілуіне байланысты жаңа техникалы процестердің көбірек толық көрсетілуін ұсынды.

Стахановшы токарь **А. Шкирмин** жолдас металдарды шапшаңдық әдіспен өңдеу

көлденуін ұсынады.

— Біздің смена, —дейді Чикирев жолдас, — БК(б)П Орталық Комитетінің партияның кезекті XIX съезін шақыру туралы қаулысы жарияланған күні бесінші бесжылдық жоспар туралы директивалардың жобасымен танысып, стахановтық вахтаға тұруға бірауыздан қаулы етті.

Заводтың бас инженері **М. Берман** жолдас бесжылдық жоспар жөніндегі директивалардың жобасына бірқатар ұсыныстар енгізіп, пікірлер айтты. Ол машина жасау өнеркәсібінде өндіріс процестерін автоматтандыруды бұдан былай да кеңінен енгізу туралы пункт алуды ұсынады.

Жоғары оқу орындарын бітірген мамандардың контингенті, —негізінен, практикалық жағынан да, әкімшілік жағынан да тәжрибесі жоқ жастар екенін ескере отырып, мынадай ережені енгізу керек: мамандар жоғары оқу орындарын бітіргеннен кейін тәжрибе жұмысынан өтіп, техникалық, әкімшілік және инженерлік

партиясына партия программасы мен Уставын мойындаушы, оларды жүзеге асыруға белсене көмектесуші, партияның ұйымдарының бірінде істеуші, партияның барлық қарарларын орындаушы және белгіленген мүшелік жарналарды уақытылы төлеуші әрбір еңбекші, Совет Одағының кісі еңбегін қанамайтын азаматы мүше бола алады».

Партия мүшесі **А. Галушко** жолдас Устав жобасының 59 параграфын—партияның бастауыш ұйымдарының басқарушы орындарын сайлау туралы параграфты өзгерту туралы ұсыныс енгізді. Ол басқару жұмысына көптеген жас коммунистер келіп жатыр дейді. Бірақ, бір жылдың ішінде олар партия жұмысының тәжрибесін меңгеріп үлгермейді, сол кезде тағыда сайлау келіп қалады. Екі жылда бір рет сайлау жүргізілсе, партия қызметкерлерінің жаңа кадрларын өсіріп, оларды тұрақтандыруға мүмкіндік берілер еді. Сондықтан ол партияның бастауыш ұйымдарында бюро сайлауды жыл сайын

ның ... партия мүшелері мен кандидаттарының жете үйренуін ұйымдастыруды, жалпы партия жиналысында, сол сияқты, өзгертілген Уставтың жобасын онан әрі үйренудің барысында коммунистер тарапынан айтылған пікірлер мен енгізілген ұсыныстарды жоғарғы партия орындарына хабарлауды тапсырды.

Жиналыстың соңында партия ұйымының секретары мынаны атап көрсетті: бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі съезд директиваларының жобасы мен партияның өзгертілген Уставының жобасын бұл жиналыста талқылау көрсетілген партия документтерін талқылаудың бастамасы ғана болып табылады. Ол «Правда» редакциясынан деген үндеуді оқып шығып, коммунистерді партияның XIX съезінің материалдарын зейінділікпен үйренуге және партия баспасөзінде бесжылдық жоспар мен партия Уставының жобаларын талқылауға қатысуға шақырды.

Москва қаласы.

**(«Правда», 30 август).**

## Партияның XIX съезіне арналған материалдардың кітапшалары

Облысымыздың «Қазкнижторг» пен «Союзпечать» магазиндеріне және киоскаларына партияның XIX съезіне арналған материалдардың орыс және қазақ тілдерінде шығарылған кітапшалары түсіп, сатыла бастады.

Олардың ішінде «БК(б)П Орталық Комитетінің жобасы. Партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жөніндегі директивалары», «БК(б)П Орталық Комитетінің жобасы. Партияның өзгертілген Уставының тексті» жөніндегі кітапшалар бар.

Бұл кітапшалардың басылып шығуы партияның XIX съезіне арналған материалдарды еңбекшілердің кеңінен оқып, үйренуіне мүмкіншілік береді.

## Механизаторлардың белсенділігі

Ильич МТС-і (Ленин ауданы) трактор отрядтары мен комбайн агрегаттарында партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларын оқып-үйрену ісі қызу жүргізілуде. МТС механизаторлары партиямыздың әкелік қамқорлығына стахановтық еңбектерімен жауап беруде.

Мәселен, Сталин атындағы колхоздың егіс даласында жұмыс істеуші комбайншы М. Клен жолдас жаңа бесжылдықтың жоспары жөнінде өткізілген алғашқы әңгімелердің бірінде «Сталинец—6» комбайнымен күн сайын 50 гектардан егін оруға міндеттенген болатын. Ол өткен бескүндікте өзінің сөзі ісіне сай екенін білдірді, 256 гектар егін орды.

Осы сияқты, комбайншылар Жақаков, Қожабаев және басқа жолдастар да комбайндардың қуатын толық пайдалана отырып, егін ору мен астық бастыруда жоғарғы көрсеткіштерге ие болуда. Сонымен бірге, комбайншылар жаңа бесжылдықтың жоспары жөнінде өткізілген әңгімелерде МТС жұмысын ұйымдастыруда кейбір орын алған кемшіліктерді батыл сынап ол кемшіліктерді дереу жою жөнінде ұсыныстар жасауда.

—Партияның XIX съезінің жаңа бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларында, —деді комбайншы Дьяченко жолдас, — машина-трактор станцияларының жұмысының жақсартылуы талап етілген. Олай болса, МТС-тің механиктері мен көшпелі мастерскойлары комбайн агрегаттары мен трактор отрядтарында жиі болып, оларға техникалық көмекті мейлінше жақсартулары керек.

Біз МТС механизаторлары арасында партияның XIX съезі алдындағы материалдарды кеңінен түсіндіруді басты міндеттердің бірі етіп қойып отырмыз.

**Б. АХМЕТОВ,**

**МТС директорының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары.**

## ПАРТИЯ ТОБЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

Тоқшын совхозының екінші фермасындағы партия тобы (ұйымдастырушысы Брянцев жолдас) соңғы кезде өзінің жұмысын біраз жақсартып, совхоз жұмысшыларын саяси-шаруашылық міндеттерді шешу ісіне белсендіре жұмылдыра түсті. Партия тобының жиналысында шаруашылыққа басшылық, партиялық-саяси жұмысты ұйымдастыру мәселелері жиі талқыланады.

Дегенмен, жақында совхоз партия бюросы аталған партия тобының жұмысымен терең танысып, әлі де болса оның жұмысында кейбір кемшіліктер бар екенін атап көрсетті. Партия тобы ферма жұмысшылары арасындағы саяси үгітті және мәдени-бұқаралық жұмысты әсерлі ұйымдастыра алмай келеді.

Совхоз партия бюросы партия тобының жұмысын жақсарту жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, оның жүзеге асырылуын ұйымдастыруды Брянцев жолдастан талап етті.

(Ме

Ат қоюға
Ақылдасы
Өмірге ке
Болашақ
Алғаш се
Жазылды
«Ұрпақ де
Советтік
— Кім бо
Ата- анан
Лайығы б
Әрбірін са
Болашақ
ГЭС- ке
Істеліп ж
Бір тетікт
Дауыс бе

Екпіні ж
Талай асу
Артып жү
Келеді ау
Бұл жүрі
Қатарласа
Жібек же
Көрген ем
Состав ке
Рельс бер
Ауыл, қал
Далада б
Паровозд

„Ж

Еліміздің
рында «Жа
деген көрке
Юань Цзин
батырлар т
бойынша р
бұл кинофи
ғы Жапони
Қытай Ком
лығымен қ

# ерген сертті абройімен орындайық!

****

*сорттарының жасалуы қамтамасыз етілсін. Колхоздар мен совхоздарда ауылшаруашылық дақылдарының тұқым*

(Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директива ларының жобасынан).

## Бірінші бригада

ын шапағын төңірек
сынан шыға берген
Айтқожа Исахметов
беттеп келе жатыр.
торы басын тартқан
түседі.
еңбек таңының ат-
олып қалған. Біраз
ымен қажырлы қол-
ты. Біреуі ұшырып
рып, енді бір ката-
нді таразыға салып
у пунктіне жөнелтіп
і. Қимылдары жыл

р топқа бір барып,
ықтың сапасын бай-
. Жастары, кішілері
ың мұнда комбайннан
ылдан, оның дайын-
жөнелтілуіне көмек-

раған аз әңгімеден
луға кетіп қалып,
оралды. Кеткенімді
деді күліп тұрып,—
жырғалуды көтермей
айтқандай, егінді
ң — ұтқаңың, ке-
Таң атқалы мемле-
бары 600 пұт.—деп
ады.
бір-бірімен жарысқа
звено бастығы ана
екпен карша бора-
лы, қой көзді, өңі
і көрсетті. Бұл кісі
көптен бері осы

астық тапсыру пунктіне жөнелткен де осылар.

Күннің көзі дәл төбеге шығып, өзі жұмыс істеп, терлеп жүрген кісілерді одан сайын қыздыра түседі. Түскі тыным алатын кез де болып келеді. Осы кезде қырман басына ауылдық Совет жанындағы оқу үйінің меңгерушісі келді. Оның қолында «Ленин туы» газетінің 12 августағы саны бар. Мұнда Полудень ауданы ауылшаруашылық қызметкерлерінің Солтүстік Қазақстан облысының барлық колхозшылары мен колхозшы әйелдеріне, ауыл шаруашылығы мамандарына жазылған Үндеуі басылыпты. Қырман басындағылар өздерінің дағдылы әдеті бойынша үгітші Байжанды ортаға алды. Бәрінен бұрынырақ келген Қабаң, одан: бүгін қандай жаңалық бар, аудан қай орында екен, Корея туралы не айтады?—деп сұрақты бастырмалатып-ақ жатыр. Байжан Үндеуді маңындағыларға оқып, түсіндіре бастады: «Егін жыйнау мен астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындау үшін социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, мемлекет алдындағы бірінші парызды мінсіз абройімен орындайық, сөйтіп, Полудень ауданы егіншілерінің патриоттық бастамасына іспен жауап беретін болайық» деп сөзін бітірді. Отырған топ бастығы Қабаң, Айтқожа болып үндеу сөзін қызу қолдады. Қырман басындағылар әрқайсысы жаңадан міндеттемелер алды.

* * *

Трактор бригадасы қырман басынан бір жарым километрдей жерде тұрады. Тракторшылар тұратын вагон-үйдің бір жағы күздік бидайға арналып мақпалдай болып

электр қуаты беріле бастады. Амудариянi, Куйбышевте, Сталинградта, Солтүстік Қырым мен Оңтүстік Украинада коммунизмнің басқа алып құрылыстары салынып жатыр. Бұл құрылыстар халқымыздың әлауқатының бұрынғыдан да жақсаруына, ауыл шаруашылығында электрді кеңінен пайдалануға мүмкіншілік береді,—деп жазылған.

* * *

...Таң жаңа ғана сіберлеп, ағараңдап атып келе жатыр. Қабаң жабық қырманның төңірегіне өркеш-өркеш болып үйілген бидайдың ортасында тұрып, алыстағы бір нүктеге қараулы. Көз алдында өзінің туып өскен жері, колхозы, басқа бригадалар, мал фермалары, мая-мая боп үйілген шөптерге дейін бәрі көрінеді. Сонау созылып жатқан кең алқап жап-жасыл боп жатушы еді, кәзір жолақтанып, сарғылт тартқан егісті өңірге айналыпты. Ол ойланып тұрып, өткен өмірін көз алдына елестетті. Ауыр күндерде бұл қарт мал фермасын басқарды. Күн-түн демей колхоздың басқа шаруашылығына араласты, аянбай еңбек етті. Бірақ, колхоз ол уақыттағыдай емес, көш ілгері кеткен. Бұрын егінді лобогрейкамен шауып, шөмелеге салып, кейіннен бастыратын болса, кәзір соның бәрін алып қуатты комбайндардың өзі-ақ орындап жүр.

Таңертеңгі күн сәулесі жерге қалың боп түскен шықпен қосылып, күндіз көзі жетін алыстағы жерлерді көз алдына әкеліп тұрғандай. Жайқалып тұрған егісті өңірге бидай сабақтарын сыдыра кесіп, алқымына тартып жатқан дала кемесі «Сталинец—6» комбайны мен трактордың дауысы таңертеңгі тыныштықты бұ-

## Үздік шоферлар

Кемеңгер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта қабылданған міндеттемелерді абройімен орындау жолында Преснов авторотасының алдыңғы қатарлы шоферлары жанаямай еңбек етіп жүр. Быйыл олар жаңа астықты дайындау орындарына тез және көп тасу жөнінде өздеріне үлгайтылған міндеттемелер алған болатын.

Озат шоферлар кәзіргі уақытта өздерінің бұл міндеттемелерін абройімен орындап келеді. Олар аудан колхоздарындағы жаңа астықты үздіксіз дайындау пункттеріне тасуда. Авторота шоферларының басым көпшілігі машиналарын жылдамдатылған әдіспен жүргізіп, элеваторға және дайындау пункттеріне әлсін-әлсін қатынап жүр. Сондықтан да шоферлар астық тасу жөніндегі күндік және бескүндік тапсырмаларын толық орындап келеді. Атап айту керек, шоферлардың астықты мұншалықты тез тасуы колхоздардың мемлекетке астық тапсыру жоспарын ойдағыдай орындауына қолайлы жағдай туғызып отыр.

Авторотада астық тасуда үздік табыстарға жетіп жүрген шоферлар көп дедік. Солардың бірі —Денисов жолдас. Шоферлардың социалистік жарысында бұл да дайындау орындарына жоспардан тыс жүз деген пұт астық тасуға міндеттенген-ді. Озат шофер кәзір өзінің бұл сертін қажырлы еңбегімен жүзеге асыруда. Ол «ГАЗ —51» машинасымен колхоздардан элеваторға астық тасыйды. Ол бұл екі араға күн сайын бірнеше рет қатынап күндік нормасын үнемі 175 проценттен орындап жүр.

Ол бұл табысқа қалай жетіп жүр? Мұның мәнісі —ол жұмыс уақытын тиімді пайдаланады. Осының нәтижесінде күн

*Петропавл темір жол бөлімшесінде*

## Автозаводтықтардың үлгісімен

Партияның XIX съезін лайықты табыстармен қарсы алуға өнеркәсіп және транспорт қызметкерлерін социалистік жарысқа шақырған Москваның И. В. Сталин атындағы автомобиль заводы коллективінің үндеуін Петропавл теміржолшылары қызу қолдауда. Автозаводтықтардың бастамасын, әсресе, жүк тиеушілер қызу қолдап, 5 октябрьге дейін жүк тиеу және жүк түсірудің он айлық жоспарын аяқтауға міндеттеністі.

Сол сыяқты, паровоз және вагон деполарының жұмысшылары да съезд құрметіне көтеріңкі социалистік міндеттемелер алды.

**С. МАЛҚАРОВ.**

## ЕҢБЕК ӨРЛЕУІ

Петропавл паровоз депосы электр цехының жұмысшылары партияның XIX съезінің құрметіндегі стахановтық вахтаға тұрды. Жақында осында болған жыйналыста жұмысшылар өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды. Электр монтері Крылов жолдас партияның XIX съезінің құрметіне социалистік жарысқа қосылып, генератордың якорын 16 күнде жөндеудің орнына 4 күнде жөндеп бітіріп ,еңбек өнімділігін 400 процентке дейін жеткізуге міндеттеме алған еді. Крылов жолдас алған міндеттемесін абройімен орындап келеді.

Семенов, Румянцев жолдастар басқарған жуып жөндеу цехының бригадалары жоспардан тыс сентябрь айында қосымша 10 паровозды жөндеп шығаруға міндеттеме алды.

## График бойынша

Съезд құрметіндегі социалистік жарысқа қосыла отырып, локомотив жүргізушілер ауыр жүк тиелген поездарды тиісті станцияларға мерзімінен бұрын жеткізуде. Ауыр жүк тиелген составты жүргізуші машинашы Сағдиев жолдас Петропавлдан алып шыққан поезды Макушиноға мерзі-

егін орып, 4300 центнерге ...

бастырды. **Ж. БАЙҚОНАҚОВ.**

егіні жыйналды. Бұған орденді комбайн-

# Бородино даласында

Бородино станциясы. . .

Кішкене поселкеден өтіп, жазық далаға шыққаннан кейін сіздің көз алдыңызда айтып жеткісіз тамаша көрініс ашылады. Көгілдір көк жиегіндегі біраз дөң де ормандармен жиектелген. Түс -түстың бәрінде —оң жақта да, сол жақта да, алда да —аумыт -аумыт жасыл ормандар; бау- бақшаға бөленген көрікті деревнялар; иреңдеп аққан жылға; қалың шөп өскен кішкене сайлар —Орталық Орыс өлкесінің табиғат көрінісі осындай. Оның айтып тіл жеткісіз көркемдігінің бәрі нақ осы жерге жыйналғандай. Бірақ, зер салып қарасаң, бұл тамаша көріністің қандай да болса бір ерекшелігі бар екенін сезесің: жайқалған бидай, кеңінен көлбеп жатқан картоп егісінің арасында сақшы алыптардай гранит ескерткіштер тұр.

Міне —Бородино даласы. Мұнан 140 жыл бұрын бұл далада да Россияның тағдыры шешілді, бұл далада 250 мыңдай адам өліспей бітіспейтін қарама- қарсы қан майданға шықты.

. . .Жол тура, орыс әскерлерінің сол кездегі орналасқан майдан шебі бойымен ілгері тартып келеді. Міне— Семеновское деревнясы, оның аты даңқты Багратионның есімімен мәңгі байланысты; міне —Раевскийдің атақты батареясы тұрған қорған, оның қарсысында мемлекеттік Бородино -Соғыс -Тарихи музейінің үйі. Тағы да бір километрден кейін Колоча жылғасының екінші жағында —Бородино деревнясы. Бұл енді Кутузов армиясының Барклай де Толли басқарған оң жақ қанаты тұрған аудан.

Майдан бойынан біраз әрірек —ескерткіш орнатылған кішкене дөң. Мұнда ұлы Кутузовқа ескерткіш қойылған. Ескерткіш карт фельдмаршалдың Бородино соғыс қыймылдарын басқарғанда тұрған жерінде орнатылған. Алқызыл граниттен жасалған тұғырға орнатылған ұлы қолбасшының кеуде суретінің жоғарғы жағына Россияның тағдырын шешкен ұрыстың нәтижесі туралы оның берген ақбарындағы сөздер ойып жазылған: «жау барлық жерде тойтарылды».

Раевскийдің батареясы тұрған қорғанда Суворов пен Кутузовтың ең сүйікті шәкірттері мен серіктерінің бірі —П. И. Багратион жерленген. Багратион Бородино соғысында ауыр жараланып, бірнеше күннен кейін Владимир губерниясының Симы деревнясында қайтыс болды. 1839 жылы қолбасшының сүйегі осы жерге әкеліп қойылды. Қолбасшының сүйегі бұл жерге оның адютанттарының бірі ақын-партизан Денис Давыдовтың талап етуі бойынша әкелінді.

* * *

Станция жағынан, яғный Оңтүстік жақтан келгенде, Семеновское деревнясының шетінен, батыс жақтағы дөңге қарай жол шығады. Бұл жерде Семенов немесе Багратион флештері — топырақтастан қауырт жасалған бекіністер болды. Мұнан әрі жол Шевардино деген кішкене деревняға тіреледі, қәзір онда Ворошилов атындағы колхоздың бригадаларының біреуі бар. Деревняның оңтүстік шетінде ол шеті мен бұл шеті 50 метрдей, негізі төрт бұрышты сыяқты қорған бар. Бұл алаң ескіріп құлаған аласа топырақ дауылымен қоршалған. Отанымыздың тарихынан мәңгілік орын алған Шевардино редуты осы. Бұл жерден күшті даңққа бөленген айбынды орыс артиллериясыларына ескерткіш орнатылған.

Бородино соғысы шынында 24 августа (5 сентябрьде) осы Шевардино редутында басталды. Шевардино редуты үшін жүргізілген ұрыста орыс әскері қатарында: 8 мың жаяу әскер, төрт мың атты әскер және 30 зеңбірек болды. Бұл күш 30 мың жаяу әскері, 10 мың атты әскері және 186 зеңбірегі бар Мюраттың тегеуірініне төтеп беруге тиісті болды. Орыстар саны жағынан бірнеше есе көп жаудың ерекше қатты шабуылдарын тойтара отырып, шын мәнісінде таңғажайып табандылық көрсетті. Жауынгерлерді жігерлендіріп, сол жердің өзінде тиісті бұйрықтар беру үшін бұл араға Кутузовтың өзі келді. Көрген адамдардың айтуынша, ол ұрыс болған жердің маңында саспай, сабырлықпен бұйрық беріп отырған...

. . .Кешке қарай орыстар французларды тойтарды. Түнде Кутузов Шевардинодан шегінуге бұйрық берді.

Ұлы стратегтің ойлаған өзінің ерекше ойы болды. Оның бұл ойын Бородино музейі тамаша баяндайды. С. И. Кожухов бастаған музейдің кішкене коллективі ұлы шайқас туралы әртүрлі материалдарды жыйнауға көп еңбек сіңіріп қана қоймай, оның үстіне 1812 жылғы Отан соғысының жалпы барысын дұрыс баяндауға белгілі үлес қосты. Буржуазиялық, әсресе, шетелдік тарих ғылымы, әрине, орыс халқының тарихына зыян келтіре отырып, тарихты көп бұрмалады. Совет тарихшылары, лениндік- сталиндік ғылымның өкілдері 1812 жылғы ұлы Отан соғысының тарихын, оның ішінде бұл соғыстың ең қыйын кезеңі —Бородино қыймылының шын тарихын оны тұрпайыландырудан, бұрмалаушылықтан тазартуға көп еңбек сіңірді.

. . .Бородино даласының макеті музейдегі бөлменің жартыға жуығын алып тұр. Бұл макеттегі сызықтар орыс және француз әскерлерінің әртүрлі үш кезеңде— Бородино шайқасына дейін, Бородино шайқасы басталар алдында және одан кейінгі орналасқан шептерін көрсетеді. Электрлендірілген бұл макет және музейдің басқа материалдары оқыйғаларды советтік соғыс- тарих ғылымының соңғы деректері негізінде сыпаттайды.

Өзінің бас қолбасшы болып тағайындалуының алғашқы күнінен бастап Кутузов басқыншыларды Москваға өткізбеу үшін үзілді -кесілді ұрысқа әзірленді. Напалеонға қарсы дереу ұрысқа шығуға оның мүмкіндігі болмады, өйткені, Напалеонның күші әлі де тым басым еді.

Бородино жанында қолайлы позицияны белгілеп, ал, алдын- ала өзінің атты әскерлерінің табанды қорғанысын ұйымдастыру арқасында, жаудан едәуір жер ұзағаннан кейін ұлы қолбасшы осы жерде ұлы шайқасқа шығуға ұйғарды. «Можайскийдің алдыңғы жағындағы 12 шақырым жердегі Бородино деревнясы жанындағы мен тоқталған позиция —жазық жерде табуға болатын ең жақсы позициялардың бірі,—деп жазды фельдмаршал.— Бұл позицияның сол жоқ қанаттағы олқы жерін мен өнермен толтыруға тырысамын. Жау бізге осы позицияда тұрғанда шабуыл жасауы бізге қолайлы, сонда менің жеңіске жетуге зор үмітім болады. Ал, егер ол менің позициямды мықты деп таныш, Москваға апаратын басқа жолдар бойына манөвр жасайтын болса, онда барлық жолдардың тоғысатын жері Можайскінің арт жағына барып тұруға тура келуі мүмкін, қалай болғанда да Москваны қорғауға тиістіміз».

Бородино даласының макеті жаңа Смоленск жолын қорғаған Кутузов әскерлерінің оң жақ қанаты солтүстік жағында Москва өзеніне жапсарласқанын көрсетеді. Әскердің бұл оң жақ қанаты жау ала алмастай етіп мықтап нығайтылған, оның ішінде Колоча өзенінің тіке жарлы жағалауымен қоршалған. Әскердің сол жақ қанаты онан әлсізірек болған. Ол тек табиғи кедергілермен қоршалған. Өзінің сол жақ қанаты позициясының әлсіздігіне қарамастан, Кутузов бұл жерде күшті соңғы күнге дейін орталықтағыдан және оң жақ қанаттанғыдан едәуір аз ұстады. Ал, соңғы күнде Напалеонға байқатпай

фельдмарш
әскер жі
«Раевски
дайым ор
Напалеон
орыс әск
алмауы,
тар жер
үшін ос
Кутуз
ты. Орь
әлсіз де
даласың
күнтері
буыл ж

Шева
бір күн
шайқас
тябрьде
ұлы Бо
басталь
тың ал
наттағ
таман
Багратı
рып, у
сады.
Муз
докуме
—оны
құтқар
ерлігін
Фра
дүркін
нен б
жауды
бастал
цуздар
екінш
пен т
саған
керле
жауд
біздің
Бірак
алды



тұрғын
тейн.

ы өткізе

электрик
отырып,
қақпасы

1:1 есе

ережесіне
ндаларға

бірін-бірі
ылды:

үні тағы
да қызу
тте ғана
шылары
е болды.

вик» ко-
я Шаба-
ріне қа-
ды. Сон-
ы алаң-

# Халықаралық шолу

## ДАНИЯ ХАЛҚЫ АҚШ ИМПЕРИАЛИСТЕРІНІҢ СОҒЫС ӘЗІРЛІКТЕРІНЕ ҚАРСЫ ШЫҒУДА

Американ империалистері өздерінің агрессияшыл жоспарларында Данияға ерекше назар аударады. Ассошиэйтед Пресс агенттігінің тілшісі жуырда Лондонда Данияның сыртқы істер министрі Крафт, Иден және Ачесон арасында өткен келіссөздерде «таяудағы уақыт ішінде солтүстік- атлантика шарты елдерін жаппай қорғаудың ұзындық шегі болып табылатын Данияда әуе- соғыс базаларын құруға және онда американ самолеттерін орналастыруға негізінен назар аударылды» деп жазады. Скандинавия баспасөзі Риджуэйдің солтүстік- атлантика одағы қарулы күштерінің авиация жөніндегі орынбасары Сондерстің осы жылғы июльде Копенгагенде болғанын хабарлайды. Ол Дания соғыс базаларын ұлғайту жөнінде Пентагон (АҚШ -тың соғыс ведомствосы) жасаған жоспарларды Дания үкметінің қабылдауын талап еткен. Бұл базалар американдық ауыр бомбардировщиктерді қабылдауға арналған.

Осы фактінің өзі АҚШ империалистері мен Данияның билеп төстеуші топтарының арасында келісім бар екенін дәлелдейді. Ал, Данияның билеп төстеуші топтары мұхиттың ар жағынан келген бұйрықтарды орындай отырып, елді американ империализмінің базасына айналдыруда.

Американ империалистерінің Даниядағы агрессияшыл тімісківленушіліктері халық бұқарасының барған сайын өсіп отырған қарсылығына кездесуде. Елдің бейбітшілік үшін қозғалысы, империалистердің елді оккупациялау жөніндегі даярлығына қарсы қозғалыс барған сайын кеңінен өрістей түсуде. Социал-демократиялық партиялардың провинциялық газеттері және радикал партияларының газеттері Дания үкметінің американдық агрессияшыл жоспарларды жүзеге асырудан бастартуын талап етті.

Түрлі саяси қайраткерлер мен ұйымдар Дания өкмет орындарының саясатына

реді және бейбітшілік ісіне хауіп төндіреді.

## АМЕРИКАНДЫҚ РАСИСТЕРДІҢ ОҢТҮСТІК-АФРИКАНДЫҚ МАЛАЙЛАРЫ

Дүние жүзінің жұртшылығы Малан үкметінің Оңтүстік -Африка Одағында жүргізіп отырған нәсілдік озбырлық саясатын ашынғандықпен айыптайды. Оңтүстік- африкан өкмет орындары «американдық салт» принципі ретінде негрлерді, индиялықтарды және АҚШ-тың басқа да ұлттарын бұғауда ұстап, жоюды заңдастырған американ расистерінің соңынан еруде.

Бірнеше жылдар бойына сегіз миллион африкалықтар, 285 мың индиялықтар және оңтүстік-африка одағының 1 миллионға жуық басқа да «түсті» тұрғындары нәсілді жәбірлеудің бұғауында тарығып келеді. Жерінен және өмір сүруге деген қарашатынан айырылған миллиондаған адамдар «резервациялар» деп аталатын тікенді сым қоршау ішінде аштықтан өлуде. Жұқпалы ауру, аштық, қанаудың ортағасырлық сұмдықтары. ешбір әжетке жетпейтін жалақы, шектен тыс салықтар— міне, миллиондаған түсті құлдардың бүгінгі тағдыры осындай. Тұрғын адамның деревнядан қалаға көшуі, онда жұмыс алуы немесе тұрған жерінен ауысуы чиновниктерден 22 түрлі рұқсат алғаннан кейін ғана мүмкін екендігінің өзі оңтүстік-африкан өкмет орындарының елдің негізгі тұрғын халқына озбырлық жасау дәрежесінің қаншалықты сорақылыққа жеткендігін айқын дәлелдейді.

Елдің қоғамдық-саяси өмірін нәсілдендіруге қарсы шығып отырған халық бұқараларының күресіне кедерлік жасауға және демократиялық қозғалысты жойып жіберуге тырысып отырған Малан үкметі террор мен қудалаушылық жолына түсті. Елде полициялық озбырлық етек алған. Соңғы екі айдың ішінде нәсілдік озбырлыққа қарсы наразылық білдірген 3.198 адам тұтқындалған.

Премьер-министр Малан жоқтан өзгені сылтау етіп соңғы кезде «коммунизмге қарсы күрес», «түсті сайлаушылардың

# Кореядағы оқиғалар

## ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 5 сентябрь. (СОТА). Корей Халық -Демократиялық Республикасы Халық армиясы Бас командованиесінің бүгін берген хабарында Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірлесе отырып, дұшпанға қарсы қорғаныс ұрыстарын жүгізуде болды делінген.

Бүгін жау самолеттерін аңдып атқыштар дұшпанның екі самолетін атып түсірді.

# Британ тред-юниондарының конгресінде

МАРГЕТ, 4 сентябрь. **(СОТА-ның арнаулы тілшісінен).** 4 сентябрь күні таңертеңгі мәжілісте жалақы туралы мәселе жөніндегі кәсіподақтардың саясатына байланысты Генсовет баяндамасының арнаулы бөлімін талқылады.

Осы бөлім жөніндегі Генсоветтің баяндамасы бойынша «бірқалыпты» деп аталатын саясаттан бастартуға шақыратын көп төген қарарлар ұсынылған болатын. Генсовет неше түрлі айла жасады. Ол ұсынылған қарарларды біріктіріп те әкелді. Оның алғашқы жобасында «бірқалыпты жағдайды» сақтауға тырысатын қарарлар, екіншісінде, «бірқалыптылық» саясаттан бас тартуды батыл түрде талап еткен қарарлар енгізілген. Алайда, осы екі қарардың екеуі де экономика саласындағы үкметтің саясатын сөгіп, қымбатшылықтың өсе беруіне байланысты хауіп білдіреді.

Өз саясатының батыл сыналуынан қашып және дауыс берерде жеңіліске ұшырап қалмау жағын қарастырып. Генсовет екінші қарарды қабылдамай, бірінші қарарды қабылдауға ұсыныс енгізді.

Кешкі мәжілісте бірінші қарар қабылданды. Екінші қарарға 2 миллион 626 мың адам дауыс берді, 4 миллион 914 мың адам қарсы болды.

Генсовет баяндамасы көпшілік дауыспен мақұлданды. Сол сияқты, кешкі мәжілісте Генсовет мүшелерін сайлау болды. Генсоветтің құрамында онша өзгерістер бола қойған жоқ.

# Британ тред-юниондарының конгресінде

МАРГЕТ, 5 сентябрь. **(СОТА-ның арнаулы тілшісі).** Британ тред-юниондары конгресінің қорытынды мәжілісінде Батыс пен Шығыс арасында сауда қатынасын дамытуды талап еткен қарар талқыланып, ол бірауыздан қабылданды. «Жұмыссыздық және сауда қарым- қатынасы» деген қарардың арнаулы бөлімінде «дүниежүзілік базарларда бәсекенің күшейуімен байланысты ағылшын экспортының дәрежесін қолдау күн сайын қиындап барады. Дүниежүзілік базарлардағы бәсеке экономиканың тұрақсыздығын күшейтіп, жұмыссыздық пен дағдарыстың ұзаққа созылуына хауіп төндіріп келеді» деп абыржу білдірген.

«Конгресс, —делінген қарарда, —Қытаймен, Совет Одағымен және басқа Шығыс елдерімен сауда қарым- қатынасын көмектескен болар еді. Сондықтан, конгресс үкметтердің саяси системаларына қарамастан қолдан жасалған бөгеттерді жойып, сауда қарым- қатынасын күшейтудің мүмкіншіліктерін дереу бірлесе отырып талқылауға шақырады»

Банк қызметкерлерінің ұлттық кәсіп одағы Генсоветтің қазіргі уақыттағы демократияшылдыққа жатпайтын құрылысын өзгертетін ұсынысты конгреске қабылдатуға тырысты. Генсовет бұл қарарға батыл түрде қарсы шығып, оны қабылдаттырмай тастады.

Конгресс әйелдердің еркектермен тең еңбегіне тең ақы төлеуді талап еткен қарар қабылдады.

Британ тред- юниондар конгресінің 1952 —1953 жылға председателі болып

...рге істес болған МТС-тің трактор брига-сының бригадирі Ефремов және «Крас-

...және мал-мүліктерін конфискелеуге үкім етілді.

...легінің гитлерлік оккупанттардан азат етілгеніне 8 жыл толды.

3 сентябрьде Брюссельдегі «Элизе» за-

# Бородино даласында

(Соңы. Басы 3-бетте).

Бұл ұлы шайқастың қорытындысы ындай болды. Қасиетті Елена аралында лған кезінде Напалеон бұл шайқасты— і басқарған барлық 50 ұрыстың ішінде- ең қантөгіс және сұмдық ұрыс деп ады.

Напалеон ұлы шайқаста алғаш рет ылды. Бородино даласындағы ұрыс дү-ежүзілік үстемдікке дәмеленген На-леонның күйреуінің бастамасы болды. ы қолбасшының басқаруымен ержүрек ыс жауынгерлері бұл ұрыстың нәтиже де әуелі өздерінің Отанын, онан кейін палеон құлдыққа түсірген Европаны ат етті.

Бородинодан кейін орыс армиясының скваға шегінгені, онан кейін Москваны стап шыққаны мәлім. Істің мәнісі мы-да: орыстардың шығыны француздар-ң шығынынан едәуір кем бола тұрса Кутузовтың қосымша алған әскері аз болды. Ұлы қолбасшы армияны ктау үшін, Россияны сақтау үшін, лсыздан Москваны тастап шығуға сті болды. Москваны тастап шығуға а келуіне патша үкметінің реакция-лдық саясаты айыпты. Патша үкметі ыктық ұлттық- азаттық соғыстың стетілуіне бөгет жасады, өйткені, ха-кты қаруландырудан қорықты. Ол кез і жағдайда Москваны қорғау ұлы қол-шының қарсы шабуыл жасау туралы тін күйретуі мүмкін еді. Бұл қарсы буыл кейіннен Москва түбіндегі Тару-о жанында басталды. «. . . Біздің да-шпан қолбасшымыз Кутузов . . . На-палеонды және оның армиясын жақсы әзірленген қарсы шабуылдың көмегімен қыйратты» (И. В. Сталин). Кутузов бас-қарған орыс жауынгерлерінің соққысы «ұлы армияны» жойды, ал, дүниежүзілік үстемдіктен дәмеленушінің өзі талқандал-ған әскерлердің тозғындаған қалдықтарын иесіз тастап, масқара болып қашты.

Россияның ежелгі астанасы, біздің ту-ған Москва, ұлы қалаға басып кіріп, оны ойрандаған жаудан кегін алды. Бородино музейіне келушілер залдардың бірінің есі-гінің жоғарғы жағына ойып жазылған сталиндік сөздерді тағы да бір шолып өтеді: «Москва. . . Отанымыздың тарихы бойына оны үш дүркін шетелдіктердің езушілігінен —монголдардың езушілігі-нен, поляк- литвандар шабуылынан, фран-цуздардың басқыншылығынан азат етті».

* * *

Орыс қаруының даңқын шығарған ұлы шайқас даласына келушілер үзілмейді. Өткен жылдың өзінде ғана мұнда 40 мыңдай адам болды. Бұл жерге еліміздің түс-түсының бәрінен әртүрлі кәсіптегі адамдар келуде.

Олар ұлы шайқас даласын, Бородино-ның 100 жылдығында халық қаржысы-мен, көбінесе орыс солдаттарының қаржы-сымен орнатылған көптеген ескерткіш-терді сүйсінгендікпен көреді.

Бородино, Семеновское және басқа де-ревнялар қазір қандай екенін әрбір адам көргісі келеді. Экскурсия жетекшісі олар-ға мәлімет береді: Бородино —ірілендіріл-ген «Бородино» колхозының орталығы, бұл колхозға Горький, Семеновское, Тата-риново деревнялары қарайды. Колхоздың советтік өмірі гүлденуде. Егіннен мол өнім алғаны үшін бұл колхозда 30-дан астам адам ордендермен, медальдармен наградталды.

Мұнан кейін экскурсияшылар музейге барып, ондағы орыс жауынгерлері фран-цуздардан қолға түсірген қару- жарақ-тарды гравюраларды, орыс қолбасшылары-ның басқыншылардан халық кегін алу-шы даңқты партизандардың суреттерін көреді. Музейдің материалдары Ұлы Отан соғысының халықтық сыйпатын баяндай-ды. Келушілер Кутузов тұтынған заттарға ерекше көңіл бөледі. Оның жорықтағы күймесі, хаттар салатын қолсандығы осы музейде сақтаулы.

Музейден шығарда экскурсияшылар Ку-тузовтың бюстіне тағы бір рет көз сала-ды. Оның төменгі жағында барлық за-мандар мен барлық халықтардың асқан қолбасшысы Сталин жолдастың Совет Армиясының жауынгерлеріне арнаған мы-надай сөздері жарқырайды: «Ұлы атала-рымыз —Александр Невскийдің, Дмитрий Донскойдың, Кузьма Мининнің, Дмитрий Пожарскийдің, Александр Суворовтың, Михаил Кутузовтың ерлік бейнелері бұл соғыста рухтандырып, Сіздерге қайрат берсін!».

. . . Адамзаттың тарихындағы ең қыр-ғын қантөгіс соғыста совет жауынгерлері өздерінің ұлы бабаларының даңқты дәстүр-лерін көбейтті, Сталин жолдастың басшы-лығымен өз Отанының намысы мен бостандығын қорғап қалды, Европаның халықтарын фашистік құлдыққа түсірілу-ден азат етті, дүниежүзілік мәдениетті сақтап қалды.

**И. ПАВЛОВ.**

**БОРОДИНО, август 1952 жыл.**

---

...және қарсыласу қозғалысының басқа про-гресшіл ұйымдарының инициативасымен шақырылды.

Бұрынғы саяси тұтқын —әйелдер ұйы-мының өкілі Вереске өзінің және басқа әйелдердің гитлерлік тұтқын лагерьлерін-де басынан кешірген жантүршігерлік азап тары туралы айтып, фашистік жендет Де Бодтқа, опасыз Ван Копненольге және бас қа соғыс қылмыстыларына жеңілдік жа-сау саясатына қарсы ызалы наразылық білдірді.

«Тәуелсіздік майданының» секретары Делеспе осы ұйымның гитлершілдерге қар-сы жүргізген белсенді күресін және жау-ға қарсы күресте қаза болған құрбандар-ды еске салды. Делеспе жендет Де Бодтқа кешірім берілуіне және Ван Копненольдің босатылуына қарсы батыл наразылық біл-діріп, бұл саясат үшін үкметтің барлық мүшелері бірдей жауапты деп мәлімдеді. Делеспе қарсыласу қозғалысы ұйымдары-ның жұмысын күшейтуге шақырды.

ЛОНДОН, 4 сентябрь. ...график» газетінің шолу... жазады: «АҚШ қорғаныс... Солтүстік Атлантика од... бастықтарына батыс гер... мен унтер- офицерлерін ... тапсырды. Ловетт әскери...

НЬЮ-ЙОРК, 4 сентябр... шиэйтед Пресс агенттігі ... лауынша, Лос-Анжелоста ... партия атынан вице през... дат Спаркманнің келуіне...

Москвада «Динамоның»... нында 4 сентябрь күні е... бірінші орын алу үшін «... даларының арасында жар... ква динамошылары Калин... дасының футболшыларым...

---

*Облыстық „ЛЕНИН ТУЫ“ га...*

**1952 жылдың төртінші тоқсаны...**

**жазылушылар қабылда...**

***Газетке жазылу бағасы:***

*1 айға—5 сом, 3 айға — 15 сом,*

Газетке „Союзпечатьтің“ барлық почта бөлім... кәсіпорындарындағы, мекемелердегі, колхозд... совхоздар мен МТС-тердегі қоғамдық өкілдер ... жазылуға болады.

**Газетке ұзақ мерзімге жазылу газеттің мезгілінд... тұруын қамтамасыз етеді.**

**РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ:** Казақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор — 1-86, реда... партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп- транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы —0-22, газет табыс етілмесе...

УШ 01892. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия өнеркәсібі, баспа және кітап саудасы Басқармасының Петропавлдағы Мемлекеттік № 18 басп...